КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2025 жылғы 4 сәуір №7119-25-00-2/2638 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «AIKAR GROUP» басшысы Байбагысова Жазира Нагашбековна;
Жеке кәсіпкер Сисен Магжан басшысы Сисен Мағжан Нұрланұлы;

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану туралы;
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер жеке кәсіпкер «AIKAR GROUP» басшысы Байбагысова Жазира Нагашбековна, жеке кәсіпкер Сисен Магжан басшысы Сисен Мағжан Нұрланұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «AIKAR GROUP» басшысы Байбагысова Жазира Нагашбековна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 04.04.2025

Дата вступления в законную силу: 13.05.2025, судья Бакишев А. Б., 15.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер Сисен Магжан басшысы Сисен Мағжан Нұрланұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «AIKAR GROUP» басшысы Байбагысова Жазира Нагашбековнадан «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 192 864 (бір жүз тоқсан екі мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік баж төлеуге байланысты сот шығыны 5 786 (бес мың жеті жүз сексен алты) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Сисен Магжан басшысы Сисен Мағжан Нұрланұлынан «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 13 200 (он үш мың екі жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік баж төлеуге байланысты сот шығыны 396 (үш жүз тоқсан алты) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «AIKAR GROUP» басшысы Байбагысова Жазира Нагашбековнадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Сисен Магжан басшысы Сисен Мағжан Нұрланұлынан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Документ подписан: Бакишев А. Б., 04.04.2025

Дата вступления в законную силу: 13.05.2025, судья Бакишев А. Б., 15.05.2025